

Успен ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 ақпандығы "Тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды бірынғай ұйымдастырушысын анықтау және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді бірынғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламаларды және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді анықтау туралы" № 30/2 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 10 қыркүйектегі № 211/9 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қазанда № 6078 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 23 шілдедегі № 222/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 23.07.2019 № 222/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 8-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Успен ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Успен ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 ақпандығы "Тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды бірынғай ұйымдастырушысын анықтау және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді бірынғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламаларды және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді анықтау туралы" № 30/2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4954 тіркелген, 2016 жылғы 14 науырызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. А. Абушахмановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Қасенов

Успен ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "10" қыркүйектегі

**Мемлекеттік сатып алушы үйымдастыру мен өткізуді бірыңғай
үйымдастырушымен
жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарламалар және тауарлар, жұмыстар,
қызметтер**

№ р/ с	Атауы
1.	Аудандық жергілікті аткаруши органдың бюджеттік инвестицияның жобаларды жүзеге асыруын көздейтін бюджеттік даму бағдарламаларының шенберінде конкурс (аукцион) тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алуын өткізу
2.	Тапсырыс берушілер бастамасы бойынша тиісті қаржы жылына белгіленген сатып алуға бөлінген лоттың (жоспар тармағының) сомасы айлық есептік көрсеткіштің үш мың еселенген мөлшерінен асатын, бірақ айлық есептік көрсеткіштің жуз мың еселенген мөлшерінен аспаса конкурс (аукцион) тәсілімен тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер мемлекеттік сатып алулар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖК РМК